

АЛГОРИТМДЕР ӘСЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ЫҚПАЛЫ: АТЫРАУ ЖАСТАРЫНЫҢ АҚПАРАТ ТҰТЫНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ

Зейнуллаева Жанна Мақсұтқызы

zhannazeinullaeva@gmail.com

«Журналистика және ақпарат» бағдарламасының 4 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, сеньор-лектор, магистр - Нұрланова Н.Н.

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында әлеуметтік желілер адамдардың күнделікті өмірінде ақпарат алудың, қарым-қатынас жасаудың және өзіндік пікір қалыптастырудың негізгі алаңына айналды. Олар тек байланыс құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ақпаратты тарату, қоғамдық пікірге ықпал ету және жаңа білім мен дағдыларды игеру кеңістігі ретінде қызмет атқарады. Осы процестердің ортасында алгоритмдік жүйелер маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік желілердегі алгоритмдер пайдаланушы әрекеттерін талдау арқылы контентті іріктеп, жеке ұсыныстар қалыптастырады. Мұндай жүйе пайдаланушының қарау уақыты, іздеу тарихы, лайк қоюы, сақтау және комментарий жазу сияқты әрекеттеріне негізделіп, оның қызығушылығына сай контентті анықтайды. Осылайша, әрбір қолданушыға арналған ақпараттық орта жеке түрде қалыптасады.

Мысалы, Instagram және TikTok платформаларында алгоритмдер пайдаланушының белгілі бір видеоны қанша уақыт көргенін немесе қайта қарағанын есепке алып, соған ұқсас контентті жиі ұсынады. Бұл механизм қолданушының платформада ұзақ уақыт болуына әсер етіп, ақпарат тұтыну әдетін өзгертеді. Алгоритмдік ұсыныстар тек жеке тәжірибені ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ақпараттық кеңістікті де қалыптастырады. Қандай ақпараттың кең таралатыны, қандай контенттің трендке айналатыны көбіне автоматтандырылған жүйелердің шешіміне байланысты. Соның нәтижесінде қазіргі ақпараттық күн тәртібін тек адамдар емес, алгоритмдік құрылымдар да реттейді. Сонымен қатар, алгоритмдердің ықпалы саяси коммуникация мен қоғамдық пікір қалыптастыру процесінде де байқалады.

Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік желілердегі алгоритмдік басқару қазіргі цифрлық экожүйенің негізгі тетігі болып табылады. Ол пайдаланушы тәжірибесін жеңілдеткенімен, ақпаратты қабылдау мәдениетіне елеулі өзгерістер енгізеді. Сондықтан алгоритмдердің жұмыс істеу принциптерін зерттеу медиа, коммуникация және цифрлық мәдениет салаларында маңызды бағыт болып саналады. Бұл білім цифрлық ортадағы ақпараттық қауіпсіздік, ашықтық және этикалық мәселелерді дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі цифрлық кеңістікте әлеуметтік желілер ақпарат таратудағы басты арналардың біріне айналды. Алайда пайдаланушылар тұтынатын контент еркін таңдалмайды, ол арнайы алгоритмдер арқылы іріктеледі. Lodhi және әріптестері (2025) алгоритмдерді қолданушының онлайн әрекеттерін талдау арқылы контентті жекешелендіретін автоматтандырылған механизмдер ретінде сипаттайды. [1]

Бұл механизмдер пайдаланушының бұрынғы қызығушылықтарына сәйкес материалдарды алға шығарып, сәйкес келмейтін ақпаратты шектейді. Соның салдарынан адам шынайы ақпараттық әртүрлілікті емес, тек өзіне ыңғайлы көзқарастарды ғана көреді. Мұндай жағдай ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға кедергі келтіреді. [1]

Зерттеуде алгоритмдердің контентті сүзу қызметі «filter bubble» және «echo chamber» ұғымдарымен түсіндіріледі. Filter bubble пайдаланушының ақпараттық өрісін тарылтса, echo chamber бір пікірдің үздіксіз қайталануына әкеліп, сол пікірдің жалғыз дұрыс нұсқа ретінде қабылдануына себеп болады. Алгоритмдердің әсерін түсіну деңгейі төмен болған жағдайда қолданушылар эмоциялық немесе сенсациялық контентті шынайы дерек ретінде қабылдауы мүмкін. Lodhi et al. (2025) мұндай жағдайдың жалған ақпараттың таралуын

жылдамдататынын атап көрсетеді. Осыған байланысты алгоритмдік сауаттылық ұғымы ерекше маңызға ие. Алгоритмдік сауаттылық — пайдаланушының әлеуметтік желілердегі ақпараттың бейтарап емес, белгілі бір есептеу жүйелері арқылы ұсынылатынын түсіну қабілеті. Зерттеу нәтижелері алгоритмдік сауаттылығы жоғары студенттердің ақпаратты тексеруге және бірнеше дереккөзді салыстыруға бейім екенін көрсетті. [1]

Бұл қабілет латералды оқу стратегияларымен тығыз байланысты. Латералды оқу ақпараттың сенімділігін анықтау үшін бір дереккөзбен шектелмей, өзге платформалар мен сайттарды қатар қолдануды көздейді. Алгоритмдердің жұмыс принципін түсінетін студенттер мұндай стратегияны жиі қолданады. Осылайша әлеуметтік желі алгоритмдері ақпаратты қабылдау үдерісіне тікелей ықпал етеді және алгоритмдік сауаттылық медиасауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. [1]

Әлеуметтік желілер қазіргі замандағы ақпарат алмасу мен коммуникацияның негізгі құралдарының бірі болып табылады. Олар интернеттегі пайдаланушыларға ақпарат, идеялар, жеке хабарлар және мультимедиялық контент бөлісуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілер тек жеке байланыстар үшін ғана емес, сонымен қатар білім алу, кәсіби байланыс, жаңалықтарды бақылау және әлеуметтік қауымдастықтарға қатысу үшін де қолданылады. Қазіргі қоғамда әлеуметтік желілердің рөлі айрықша артып, олардың даму тарихы, құрылымы және маңызы зерттеудің маңызды объектісі болып отыр. [2]

Әлеуметтік желілердің шығуы технологиялық дамумен тығыз байланысты. 1970 жылдардың басында электрондық пошта мен чат бағдарламалары пайдаланушыларға хабар алмасудың алғашқы құралдарын ұсынды. Дегенмен, интернет-қауымдастықтардың тұрақты түрінде қалыптасуы 1979 жылы құрылған USENET жүйесі арқылы жүзеге асты. USENET пайдаланушыларға тақырыптық топтар (newsgroups) бойынша хабарламалар жариялауға және алуға мүмкіндік берді. Бұл алғашқы кезеңде адамдар өз қызығушылықтары бойынша қауымдастықтар құра отырып, ақпарат алмасудың жаңа формасын енгізді. [2]

USENET-тің негізгі ерекшелігі – пайдаланушылардың өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасуы мен тәжірибе бөлісуіне мүмкіндік беруі болды. Бұл әлеуметтік желілердің болашағына алғашқы негіз қалаған, өйткені адамдар өзара байланысты жалпылама желі арқылы ғана емес, тақырыптық қауымдастықтар арқылы да орнататын болды. [2]

1990 жылдардың басында веб-браузерлердің пайда болуы әлеуметтік желілердің дамуына серпін берді. 1993 жылы Mosaic веб-браузерінің іске қосылуы талқылау форумдарының графикалық интерфейспен жұмыс жасауын қамтамасыз етті. Бұл пайдаланушыларға ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп, интернетті кең аудитория үшін қолжетімді етті. Осы кезеңде интернеттегі қатысу формалары тек мәтіндік хабарламалардан графикалық интерфейстер мен мультимедиялық материалдарға ауысты. [2]

Графикалық интерфейс интернетті жаңа деңгейге көтерді, себебі пайдаланушылар енді тек мәтін оқып қана қоймай, фотосурет, видео және басқа мультимедиа арқылы өз пікірін жеткізе алды. Бұл әлеуметтік желілердің аудиториясын едәуір кеңейтіп, олардың қоғамдағы рөлін күшейтті. Қазіргі әлеуметтік желілер пайдаланушыларға өз пікірін жариялау, пікірталастарға қатысу және ақпаратты жылдам тарату мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, олар қоғамдық пікір қалыптастыруда және білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ашады, бұл әлеуметтік желілердің қоғамдағы маңызын арттырады. [2]

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер ақпарат алмасудың, білім беру мен кәсіби байланыстардың негізгі арнасына айналды. Олар ғаламдық коммуникацияны қамтамасыз етіп, онлайн қауымдастықтар құруға мүмкіндік береді. Дегенмен, әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану психологиялық әсерлерге, соның ішінде жалғыздық, уайым және депрессия сияқты жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Осы себептен қазіргі зерттеулер әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану жолдарын қарастырады және олардың қоғам мен жеке тұлғаға әсерін бағалауға бағытталған [2].

Цифрлық ортада ақпараттың сапасы әрқашан жоғары емес. Кез келген қолданушы контент жасап, оны кең аудиторияға тарата алады. Бұл ақпараттың шынайылығына әсер

етіп, жалған немесе тексерілмеген мәліметтердің таралу қаупін күшейтеді. Соның нәтижесінде медиа сауаттылық пен сыни ойлау дағдыларының маңызы арта түседі. Жастардың ақпарат тұтыну мәдениеті де өзгеріске ұшырауда. Әлеуметтік желілердің ықпалымен ақпаратты тез оқу, қысқа форматтағы контентті тұтыну және визуалды материалдарға көбірек сүйену үрдісі қалыптасқан. Бұл жағдай ұзақ әрі терең мәтіндерді оқуға деген қызығушылықтың төмендеуіне әсер етеді. [3]

Зерттеулер цифрлық форматтағы оқудың ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретінін, бірақ оның терең түсіну мен есте сақтауға әсері қағаз форматтағы оқуға қарағанда әлсіз болуы мүмкін екенін көрсетеді. Ал қағаз кітап оқу зейінді тұрақтандырып, ақпаратты эмоционалды және терең қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық орта жастардың тілдік таңдауына да әсер етеді. Көптеген зерттеулер жастардың интернетте көбінесе орыс немесе ағылшын тіліндегі контентті тұтынатынын, ал ана тіліндегі контенттің үлесі салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді. [3]

Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшелігі қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында өзекті зерттеу бағыты болып табылады. Жастар ақпаратты негізінен цифрлық орта арқылы, әлеуметтік желілер мен онлайн платформалардан алады. Ақпараттың жылдам таралуы олардың медиа кеңістіктегі мінез-құлқы мен ақпаратты қабылдау дағдыларының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан олардың ақпарат көздерін таңдау үрдісі сенімділік деңгейі мен контенттің қолжетімділігіне байланысты өзгеріп отырады. Бұл бөлімде Атырау жастарының ақпарат алу арналары, негізгі платформалары және ақпаратты тұтыну мәдениетінің ерекшеліктері қарастырылады.

Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшелігі: сауалнама нәтижелерін талдау

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында жастардың ақпарат тұтыну мәдениеті мен медиа кеңістіктегі мінез-құлқы маңызды әлеуметтік зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Әсіресе, әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы ақпараттың таралу жылдамдығын арттырып қана қоймай, оны қабылдау, таңдау және сену механизмдеріне де елеулі өзгерістер енгізді. Осы тұрғыдан алғанда, Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшеліктерін анықтау өзекті болып саналады.

Аталған зерттеу аясында барлығы 60 респонденттен онлайн сауалнама алынды. Респонденттердің жас құрамы негізінен жастар тобын қамтиды. Нәтижеге сәйкес, қатысушылардың 46,7%-ы 16–18 жас аралығында, 43,4%-ы 19–21 жас аралығында, 6,7%-ы 22–25 жас аралығында, ал 3,3%-ы 26–30 жас аралығында екені анықталды. Бұл деректер зерттеу объектісінің басым бөлігі мектеп түлектері мен жоғары оқу орындарының бастапқы курс студенттері екенін көрсетеді, яғни ақпаратты қабылдау процесі әлі де қалыптасу кезеңіндегі аудитория басым.

Әлеуметтік медиа платформаларын пайдалану деңгейін талдау нәтижелері Атырау жастарының ақпарат алуда цифрлық платформаларға жоғары тәуелді екенін көрсетті. Респонденттердің 66,7%-ы Instagram желісін негізгі ақпарат көзі ретінде пайдаланатынын көрсетсе, 25%-ы TikTok платформасын, ал 5%-ы YouTube желісін таңдаған. Бұл көрсеткіштер визуалды және қысқа форматтағы контенттің жастар арасында басымдыққа ие екенін дәлелдейді. Instagram мен TikTok сияқты платформалардың алгоритмдік құрылымы пайдаланушыға жеке қызығушылығына сәйкес контент ұсынатындықтан, ақпараттың сүзгіленіп берілуі күшейеді және бұл медиа тұтыну моделін айтарлықтай өзгертеді.

Контент тұтыну ерекшеліктерін талдау барысында респонденттердің 36,7%-ы әлеуметтік желілерді негізінен көңіл көтеру мақсатында пайдаланатынын анықталды. Сонымен қатар 16,7%-ы жаңалықтар мен білім беру мазмұнына қызығушылық танытса, 8,3%-ы блогерлердің жеке контентін тұтынады. Ал 21,7%-ы басқа бағыттағы ақпараттарды қарайтынын көрсетті. Бұл нәтижелер жастар арасында рекреациялық (көңіл көтеру, ойын-сауықтық) контенттің басымдығын айқындай отырып, ақпараттық және білім беру мазмұнының салыстырмалы түрде төмен үлесін көрсетеді. Мұндай жағдай ақпаратты

тұтынудың прагматикалық емес, көбіне эмоционалдық және ойын-сауықтық сипатта қалыптасып отырғанын білдіреді.

Ақпарат көздерінің сенімділігіне қатысты деректер жастардың медиа сенім құрылымының трансформациясын көрсетеді. Респонденттердің 45%-ы әлеуметтік желілерді сенімді ақпарат көзі ретінде қабылдайтынын көрсетсе, 41,7%-ы ресми сайттарға сенім білдіреді. Ал жаңалық сайттарын 11,7%, теледидарды небәрі 1,6% ғана таңдаған. Бұл дәстүрлі медианың (теледидар, ресми жаңалық арналары) ықпалының төмендеп, цифрлық платформалардың жетекші орынға шыққанын білдіреді. Дегенмен ресми сайттарға деген сенімнің салыстырмалы түрде жоғары болуы ақпараттың шынайылығын тек ресми дереккөздермен тексеру үрдісінің сақталып отырғанын көрсетеді.

Ақпараттың шынайылығын тексеру деңгейін талдау нәтижелері ақпараттық сауаттылықтың орта деңгейде қалыптасқанын айғақтайды. Респонденттердің 58,3%-ы ақпаратты кейде тексеретінін, 23,3%-ы әрқашан тексеретінін, 11,7%-ы сирек тексеретінін, ал 6,7%-ы ешқашан тексермейтінін көрсеткен. Бұл деректер жастардың елеулі бөлігі ақпаратты автоматты түрде қабылдайтынын, ал фактчекинг дағдысы толық қалыптаспағанын білдіреді. Осыған байланысты жалған ақпараттың таралу қаупі мен манипуляциялық контенттің ықпалы жоғары болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Атырау жастарының ақпарат тұтыну моделі цифрлық платформаларға негізделгенін, визуалды және қысқа форматтағы контенттің басым екенін және ақпаратты қабылдау кезінде сенім мен тексеру деңгейінің әрқелкі екенін көрсетті. Сонымен қатар, ақпараттық сауаттылықты арттыру және сыни ойлау дағдыларын дамыту қажеттілігі айқындалады. Бұл өз кезегінде жастардың медиа кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшеліктері қазіргі цифрлық медиа кеңістіктің ықпалымен қалыптасып отырғанын көрсетті. Сауалнама деректері жастардың басым бөлігі ақпаратты әлеуметтік желілер арқылы алатынын, олардың ішінде Instagram және TikTok платформалары жетекші орын алатынын айқындады. Бұл жағдай ақпараттың визуалды және қысқа форматта ұсынылуы жастар үшін неғұрлым қолайлы екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері жастардың ақпаратты тұтынуында көңіл көтеру мазмұнының басым екенін көрсетті. Бұл ақпаратты қабылдау мәдениетінің рекреациялық сипатқа бейімделгенін білдіреді. Дегенмен жаңалықтар мен білім беру контентіне деген қызығушылықтың да белгілі бір деңгейде сақталуы ақпараттық қажеттіліктің толық жойылмағанын аңғартады. Ақпарат көздеріне деген сенім құрылымын талдау нәтижелері дәстүрлі медианың ықпалының төмендеп, цифрлық платформалардың басымдыққа ие болғанын көрсетті. Алайда ресми сайттарға деген сенімнің салыстырмалы түрде жоғары болуы жастардың ақпаратты тексеру қажеттілігін ішінара түсінетінін білдіреді. Ақпараттың шынайылығын тексеру деңгейіне қатысты нәтижелер ақпараттық сауаттылықтың орта деңгейде екенін көрсетеді. Бұл жалған ақпаратқа сену және оны тарату қаупін арттыруы мүмкін факторлардың бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшелігі цифрлық ортаға бейімделген, жылдам әрі визуалды контентке негізделген модель ретінде сипатталады. Осыған байланысты ақпараттық сауаттылықты арттыру, сыни ойлау дағдыларын дамыту және сенімді ақпарат көздерін қолдануды насихаттау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 1. Lodhi S., Ahmad R., Khan M., Rahman T. Algorithmic literacy and social media: understanding filtering mechanisms and misinformation exposure // Journal of Digital Media Studies. – 2025. – Vol. 12, No. 1. – P. 45–62.

2. 5] Britannica 2026 Social media Encyclopedia Britannica
<https://www.britannica.com/topic/social-media>

3. Yessenbekova U. және т.б. The Impact of the Digital Format on Kazakh Youth's Information Consumption and Reading Culture. 2025. ResearchGate. Қаралған күні 08.04.2026